

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1569 тіркелген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының "Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық бірегейлендіру нөмірлерін беру қағидаларын бекіту туралы" 2001 жылғы 15 мамырдағы N 828 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 114 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 26 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2312. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 29 қазандағы N 158 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2008.10.29 N 158 Қаулысымен.

----- Қаулыдан үзінді -----

Бағалы қағаздар рыногын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасы (бұдан әрі - Агенттік) ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі .

3. Осы қаулы күшіне енгізілген күннен бастап осы қаулының қосымшасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

4

5

6. ...

Төрайым

Е. Бахмутова

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 29 қазандағы N 158 қаулысына

ҚОСЫМША

Күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

1

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақ тан Республикасының Әділет министрлігінде N 1569 тіркелген, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының "Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық бірегейлендіру нөмірлерін беру қағидаларын бекіту туралы" 2001 жылғы 15 мамырдағы N 828 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 114 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2312 тіркелген) .

3

4

5. ...

"Мемлекеттік арнаулы өтем қазынашылық облигацияларын шығару, орналастыру, айналысқа қосу, қызмет көрсету және оларды өтеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 желтоқсандағы N 1406 қаулысының күшіне енуіне байланысты және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының "Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық бірегейлендіру нөмірлерін беру қағидаларын бекіту туралы" 2001 жылғы 15 мамырдағы N 828 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1569 тіркелген, 2001 жылғы желтоқсанда " Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналының N 12 жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық бірегейлендіру нөмірлерін беру қағидаларында:

кіріспесіндегі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы" деген сөздер "бағалы қағаздар рыногында қалыптасқан қатынастарды мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган)" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

1) және 2) тармақшалар алынып тасталсын;

4) тармақшадағы "Ұлттық комиссияның орталық аппараты Корпоративтік қаржы департаментінің" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын ;

Қағидалардың мәтіні бойынша түрлі септіктегі "Ұлттық комиссия" деген сөздер тиісті септіктегі "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;
5, 6-тармақтар алынып тасталсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Сұрату бойынша ескертпелер жоқ болған кезде Жауапты қызметкер осы Қағидалардың 1-қосымшасында келтірілген әдістемеге сәйкес ҰБН жасайды, бағалы қағаздардың айналыста жүрген эмиссияларының осындай ҰБН бар жоқ екенін тексереді, ҰБН беру жөнінде эмитентке беретін хат дайындайды және негізінде ҰБН құрылған сұратуды қоса бере отырып оны келесі бұрыштаманы қ о ю ү ш і н б е р е д і . " ;

9, 10-тармақтар алынып тасталсын;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Сұратуда қате және/немесе толық емес мәліметтер анықталған кезде уәкілетті орган эмитентке бас тарту себебін көрсете отырып ҰБН беруден жазбаша бас тарту жібереді.";

12-тармақ алынып тасталсын;

13-тармақтағы "егер Ұлттық комиссия Төрағасының, Ұлттық комиссияның Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржы департаментіне жетекшілік жасайтын атқарушы директорының немесе Департамент директорының тапсырмасымен (оның ішінде ауызша) өте қысқа мерзім белгіленбесе" деген сөздер алынып тасталсын;

14-тармақ алынып тасталсын;

21-тармақта :

екінші абзацтағы "және жеке мөртабанының таңбасымен" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

үшінші абзацтағы "Жауапты қызметкердің және Департамент директорының қолдары және жеке мөртабандарының таңбасы қойылады" деген сөздер " Жауапты қызметкердің қолы қойылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

22-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. ҰБН беру үшін ұсынылған құжаттар жазысқан хаттар файлдарына хронологиялық тәртіппен тігіледі.";

24-тармақтағы "және жеке мөртабанының таңбасы" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

көрсетілген Қағидалардың 1-қосымшада:

4-тармақ мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) "9" символы - Қазақстан Республикасы азаматтарының салымдарына өтемақы төлеу мақсатында шығарылған, номиналдық құнын индекстеу және сыйақы ставкаларын айқындау Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген

тәртіппен жүзеге асырылатын құжатсыздандырылған купондық бағалы қағаздар.

"

;

1-кесте мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:
"Мемлекеттік арнаулы өтем 9
қазынашылық облигациялар (МАОКО)";
көрсетілген Қағидалардың 3-қосымшасы алынып тасталсын.

2. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу
ш а р л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

К е л і с і л д і

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қаржы министрі